

2026

Құқықтарыңызды біліңіз және жұмысыңызды дәлелденізі

Маусымдық
жұмысшы визасы
бар жұмысшыларға
арналған.



Жұмысшылардың профилі

Жұмысшының аты-жөні:

Ферма (жұмыс беруші) атауы:

Ферма мекенжайы:

Жұмыстың басталған күні:

Жүйе операторы:

Білу қажет маңызды ақпарат.

Келісімшарттың көшірмесін сақтаңыз.

Жұмысты бастамас бұрын ферма (жұмыс берушіңіз) сізбен келісімшартты бөлісуі тиіс; ол электронды немесе қағаз форматта болуы мүмкін. Келісімшарттың бір көшірмесін сақтап қойыңыз және егер қандай да бір бөлімін түсінбесеңіз, сұрақ қойыңыз. Қол қоятын кез келген құжатты толық түсінгеніңізге көз жеткізуіңіз керек. Егер түсінбесеңіз, аударма немесе түсіндіру бойынша көмек сұраңыз.

Жұмыс уақытыңызды тіркеп отырыңыз.

Шотландиядағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өз қызметкерлерінің жұмыс істеген сағаттарын тіркеп отыруға міндетті. Бұл жұмысшының жазбаша түрде табель толтырып, оны жұмыс берушіге тапсыруы немесе жұмыс берушінің цифрлық кіру/шығу жүйесін пайдалануы арқылы жүзеге асырылады. Сіз де өз жұмыс уақытыңыздың есебін жүргізіп отыруыңыз керек. Жұмыс істеген барлық сағаттарыңызды тіркеуді ұмытпаңыз — бұл үйден (мысалы, вагоннан) шыққан сәттен бастап, үйге қайта оралғанға дейінгі уақытты, соның ішінде рұқсат етілген демалыс үзілістерін де қамтуы тиіс. 16-беттегі күнтізбе бұл процесті жеңілдетуге көмектеседі. Егер мүмкіндігінше барлығын тіркеп отырсаңыз, бұл ақпаратты қандай да бір келіспеушілік туындаған жағдайда немесе жұмысыңызды дәлелдеу үшін пайдалана аласыз.

Құжаттарды жинап отырыңыз.

Егер жұмыс уақытыңыз немесе басқа да жұмысқа қатысты мәліметтер көрсетілген хаттар, хабарламалар немесе электрондық хаттар алсаңыз, оларды кейін қажет болған жағдайда пайдалану үшін сақтау маңызды. Мысалы, жұмыс уақыты туралы ақпарат WhatsApp немесе басқа платформаларда жіберілсе, оның скриншотын жасап алыңыз.

Бір-біріңізге қолдау көрсету.

Басқа жұмысшылармен сөйлесіп, олардың тәжірибесін біле аласыз және сағаттар, жұмыс, үзілістер сияқты мәселелер бойынша немесе қандай да бір келіспеушілік туындаса, бір-біріңізге қолдау көрсете аласыздар. Егер супервайзермен немесе менеджермен сөйлескіңіз келсе, басқа жұмысшылар сол жерде болып, не айтылғанын тыңдап, барлығы бірдей түсінік алғанына көз жеткізу арқылы сізге көмектесе алады.

Жұмысшыларға қолдау көрсету орталығы, кәсіподақ немесе қолдау қызметтерінің көмегіне жүгіну.

Қажет болған жағдайда осы нұсқаулықтың соңындағы байланыс мәліметтерін пайдаланып, көмек алыңыз. Кеңес немесе қолдау қажет болса, Жұмысшыларды қолдау орталығының жедел желісіне хабарласыңыз.



ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ БІЛІҢІЗ

Ең аз жалақы	10
Жалақы тізімдемелері	11
Үстеме жұмыс	11
Жұмыс уақыты ережелері	12
Демалыс күндері	12
Ауырған күндер бойынша төлем	13
Қайғылы жағдайға байланысты демалыс	13
Денсаулық сақтау және қауіпсіздік	14
Денсаулық сақтау	15
Жұмыс орнын ауыстыру	15
Тұрғын үй үшін ұсталымдар	16
Көлік	16
Жеке қауіпсіздік	16
Адам саудасы және еңбекті қанау	17
Кәсіподақтар	17
Күнтізбе бойынша нұсқаулар	18
БАЙЛАНЫС МӘЛІМЕТТЕРІ	38

→ Ең аз жалақы

Сізге ауыл шаруашылығындағы ең аз жалақы / ұлттық күнкөріс деңгейі көлеміндегі жалақы 2026 жылдың 1 сәуірінен бастап сағатына 12,71 фунт стерлинг төленуі керек. Егер нақты біліктілігіңіз болса, одан көбірек алуға құқығыңыз болуы мүмкін.

Жоспарланған уақыт ішінде жұмыс болмаса да, сізге **аптасына кемінде 32 сағатқа төленуі керек (ол төлем кезеңіндегі орташа мән ретінде есептелуі мүмкін)**, мысалы, егер сізге ай сайын төленетін болса, кейбір апталарда 32 сағаттан аз, ал кейбір апталарда одан көбірек жұмыс істеген болсаңыз, толық айдың бір аптасына орташа алғанда 32 сағат болып есептеледі).

→ Жалақы тізімдемелері

Сіз әр жалақы беру күні немесе оның алдында жалақы тізімдемесін алуыңыз керек. Ол келесіні қамтуы керек:

- Жұмыс сағаттары
- Шегерімдерге дейінгі және одан кейінгі төлем
- Заңды шегерімдер (салық, мемлекеттік сақтандыру)
- Кез келген келісілген шегерімдер (мысалы, тұрғын үй немесе саяхат)
- Таза табыс (бұл сіз алатын мөлшерге сәйкес келуі керек)

→ Үстеме жұмыс

Келесідей жағдайларда үстеме жұмыс істеуге құқығыңыз бар:

- Күніне 8 сағаттан артық жұмыс істесеңіз немесе
- аптасына 48 сағаттан артық жұмыс істесеңіз

Бұл мынаны білдіреді: мысалы, егер сіз күніне 10 сағат жұмыс істесеңіз, оның 2 сағаты артық уақыт ретінде төленуі керек немесе егер аптасына 50 сағат жұмыс істесеңіз, бірақ ол күніне 8 сағаттан аспайтын болса, оның 2 сағаты артық уақыт ретінде төленуі керек. Үстеме жұмыс сағаттары екі рет саналмайды. Шотландияда ең соңғы үстеме жұмыс төлемінің мөлшерлемесі **кем дегенде — сағатына 19,06 фунт стерлинг**.

→ Жұмыс уақыты ережелері

Егер сіз жазбаша түрде келіспесеңіз, сізді **аптасына орта есеппен 48 сағаттан** артық жұмыс істеуге мәжбүрлеуге болмайды. Сондай-ақ сіздің келесі құқықтарыңыз бар:

- Ауысымдар арасындағы **кемінде 11 сағаттық демалыс**;
- Аптасына **үзіліссіз 24 сағат**, немесе әр екі аптада **үзіліссіз 48 сағат** демалыс;
- Егер бір жұмыс күнінде **6 сағаттан артық жұмыс** істесеңіз, **кемінде 20 минуттық үзіліс** алуға құқығыңыз бар. Бұл үзіліс кезінде сіз бұл уақытты өз қалауыңызша пайдалана аласыз, және оны ешкім бөлуге тиіс емес.

→ Демалыс күндері

Сіз жұмыс істейтін апталық күндер санына байланысты **ақылы еңбек демалысына** құқығыңыз бар.

Мысалы:

- Егер сіз аптасына **5 күн** жұмыс істесеңіз, 6 айлық келісімшартта сізге **14 күн** демалыс (немесе әр ай үшін **2,3 күн**) берілуі тиіс.
- Егер сіз аптасына **6 күн** жұмыс істесеңіз, 6 айлық келісімшартта **16,5 күн** демалыс (немесе әр ай үшін **2,75 күн**) берілуі тиіс.
- Егер сіз аптасына **7 күн** жұмыс істесеңіз, 6 айлық келісімшартта **19 күн** демалыс (немесе әр ай үшін 3,16 күн) берілуі тиіс.

Жұмысыңыз аяқталған кезде **пайдаланылмаған демалыс күндері үшін сізге ақы төленуі керек.**

→ Ауырған күндер бойынша төлем

Денсаулық жағдайына байланысты еңбек міндеттерін орындауға уақытша қабілетсіз болған жағдайда, еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңіне шығуға құқық беріледі. Еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңінде төленетін ең төменгі төлем Statutory Sick Pay (SSP) деп аталады және қазіргі уақытта аптасына £123,25 құрайды. SSP төлемі еңбекке уақытша жарамсыздықтың бірінші күнінен бастап 28 аптаға дейін жұмыс беруші тарапынан төленеді. Қосымша төлемдердің көзделген-көзделмегенін анықтау үшін еңбек шартының талаптарымен танысу ұсынылады.

→ Қайғылы жағдайға байланысты демалыс

Егер жақын адамыңыз (ата-анаңыз, балаңыз, жұбайыңыз немесе заңды некедегідей бірге тұрып жатқан адамыңыз) қайтыс болса, сіз кемінде **3 күн ақылы демалыс** алуға құқылысыз. Бұл демалыс үшін төлем мөлшері **еңбек демалысы төлемі сияқты** есептеледі.

→ Денсаулық сақтау және қауіпсіздік

Жұмыс берушіңіз сізге келесі жағдайларды тегін қамтамасыз етуге міндетті:

- денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту;
- мәселелер бойынша хабарласа алатын жауапты адамның болуы;
- төтенше жағдайлар жоспары (ауыр жарақаттар, жарылыс, су тасқыны, улану, ток соғу, өрт, радиоактивті немесе химиялық заттардың төгілуі және т.б.);
- таза ауыз су;
- дәретхана, сабын, сүлгі немесе қол кептіргішке қол жеткізу мүмкіндігі;
- ауа райына сай тегін киім (мысалы, плащ, етік, жаңбыр шалбары, қолғап және т.б.);
- қажет болған жағдайда тегін қорғаныс құралдары (мысалы, дулыға, көзілдірік, жарық шағылыстыратын киім элементтері).

Денсаулық пен қауіпсіздікке байланысты мәселе туралы Ұлыбританиядағы Еңбекті қорғау басқармасының онлайн-порталы арқылы хабарлай аласыз: www.hse.gov.uk/contact/tell-us-about-a-health-and-safety-issue.htm. Бұл нысан тек ағылшын тілінде ұсынылған. Егер оны толтыруға көмек қажет болса немесе алаңдаушылықтарыңызды жасырын түрде жеткізгіңіз келсе, **Жұмысшыларды Қолдау Көрсету Орталығына** хабарласыңыз.

→ Денсаулық сақтау

Сізге медициналық көмек қажет болған жағдайда, сол жерде жүрген уақытыңызда тегін Ұлттық денсаулық сақтау қызметін (NHS) пайдалануға құқығыңыз бар. Оған бастапқы және шұғыл медициналық көмек түрлері кіреді. Төтенше жағдайда жедел жәрдем шақыру үшін NHS тегін **999** нөміріне қоңырау шалыңыз. Ауыр жарақаттар кезінде ең жақын ауруханаға баруға болады, ал денсаулыққа қатысты жеңіл мәселелер үшін жалпы тәжірибелік дәрігер (GP Practice) деп аталатын ең жақын дәрігерге жүгінуге болады. ондай-ақ, көмек қажет болса, **NHS 111** нөміріне қоңырау шалып, тегін медициналық кеңес алуыңызға болады. Егер жарақат алған болсаңыз және өтемақы алуға мүмкіндігіңіз бар-жоғын білу үшін жеке жарақат бойынша заңгермен сөйлескіңіз келсе, **Жұмысшыларға Қолдау Көрсету Орталығына** хабарласыңыз.

→ Жұмыс орнын ауыстыру

Фермада жұмысты бастамас бұрын, еңбек агенті (жұмысқа орналастырушы ұйым) сізге жұмыс орнын қалай ауыстыруға болатынын және өтініш бергеннен кейін не болатынын нақты әрі толық түсіндіруі керек. Олар сіздің өтінішіңізден **негізсіз себепсіз** бас тартпауы тиіс. Мысалы, егер визаңыздың мерзімі аяқталып жатса — бұл орынды себеп болып есептеледі.

→ Тұрғын үй үшін ұсталымдар

2026 жылғы сәуір айынан бастап, тұрғын үй үшін ұсталатын сома (үй-жайдан басқа жағдайларда) Шотландияда бір күнге £10,66, ал Англияда бір күнге £11,10 мөлшерінен аспауы тиіс. Төмендегі шығындар тұру ақысына кіреді: жалдау ақысы, газ, электр энергиясы, жиһаз және кір жуу.

→ Көлік

Егер сізді жұмыс беруші тасымалдайтын болса, көліктер қауіпсіз болуы, ал жүргізушілер дайындықтан өткен және лицензиясы бар болуы керек.

→ Жеке қауіпсіздік

Жұмыста және тұратын жеріңізде өзіңізді қауіпсіз сезінуге құқығыңыз бар. Егер сіз қудалау, қорқыту немесе зорлық-зомбылыққа тап болсаңыз, полицияға немесе осы кітапшаның соңында көрсетілген **Теңдік жөніндегі Кеңес беру және Қолдау Көрсету** қызметіне хабарласып, көмек сұраңыз. Сондай-ақ **Жұмысшыларға Қолдау Көрсету Орталығынан** кеңес алуыңызға болады.

→ Адам саудасы және еңбекті қанау

Егер сізді жұмыс істеуге мәжбүрлесе немесе құжаттарыңыз бен жалақыңызды алып қойса, бұл заңсыз әрекет. Сіз бұл туралы қауіпсіз түрде хабарлай аласыз. Байланыс мәліметтері беттің соңында көрсетілген.

→ Кәсіподақтар

Сізге заң бойынша кәсіподаққа кіруге рұқсат етілген. Unite the Union кәсіподағы ауылшаруашылық жұмысшыларына қолдау көрсетеді — оған кіру арқылы сіз заңгерлік кеңес алу және қандай да бір қиындық туындаған жағдайда көмек алу мүмкіндігіне ие боласыз.

Күнтізбе бойынша нұсқаулар



Бұл күнтізбе жұмысыңызға қатысты маңызды ақпаратты құжаттауға көмектеседі; оны қауіпсіз жерге сақтап қойыңыз.

Бастау/аяқтау

Жұмысты қашан бастап, қашан аяқтағаныңызды жазыңыз. Бұған жұмыс берушінің қарамағында болған барлық уақыт кіреді.

Үзілістер

Үзіліс кезінде не істегеніңізді және бұл уақытты өз қалауыңа өткізе алдыңыз ба, соны көрсетіңіз.

Жұмыс уақыты

Күн сайын қанша уақыт жұмыс істегеніңізді есептеп, үстеме жұмыстың бар-жоғын тексеріңіз.

Орны

Қай жерде жұмыс істегеніңізді жазыңыз.

Жұмыс түрі

Орындаған тапсырмаларыңызды және оларды орындаған уақытты жазып қойыңыз.

Жалақы

Қанша ақша алғаныңызды жазып қойыңыз және барлық есеп айырысу парағының көшірмесін сақтаңыз.

Қолы

Өріптестеріңізден жазып алған ақпаратыңызды куәландыруды сұраңыз.

Күні: 14.05.25

Басы: 05.00

Соңы: 16.00

Жұмыс сағаттары: 10

Үзілістер:

9:00-де 20 минут (автобус күту) / 11:00-де 20 минут (тапсырыстың өзгеруі) / 14:00-де

Саяхат:

05:00 – 05:30: жылжымалы үйден ферма кеңсесіне дейін / 05:40 – 06:00: ферма кеңсесінен бірінші алқапқа дейін / 09:20 – 10:00: 10- және 12-алқаптар арасында

Әрекет түрі және уақыты:

1. Супервайзермен өнім теру туралы талқылау (06:00 – 06:10)
2. Жылыжайларда таңқурай теру. (06:10 – 07:00 / 07:20 – 09:00)
3. Арбаларды/қораптарды ауыстыру (07:00 – 07:10)
4. Дәретхана (07:10 – 07:20)
5. Қоқыстан тазалау. (10:00 – 11:00)

Орны:

1. 10-алқап
2. 10-алқап
3. 10-алқап
4. Дәретхана (алқаптан 10 минут жаяу жүру)
5. 12-алқап

Төленген жалақылар:

2025 жылғы 8 сәуір – 8 мамыр аралығы үшін 1700 фунт стерлинг төленді

Қолы/куәгер:

қол қойылған күні:

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

Күні:		
Басы:	Соңы:	Жұмыс сағаттары:
Үзілістер:		
Саяхат:		
Әрекет түрі және уақыты:	Орны:	
Төленген жалақылар:		
Қолы/куәгер:	қол қойылған күні:	

БАЙЛАНЫС МӘЛІМЕТТЕРІ

Жұмысшыларға қолдау көрсету орталығы

0800 058 1633

нөміріне тегін қоңырау шалыңыз.



Сенім телефоны: Дүйсенбі – жұма: 15:00–19:00.

Басқа уақытта хабар қалдырыңыз, біз сізге мүмкіндігінше тезірек хабарласамыз.

Біз орыс, литва, мажар, күрд (курманджи), қазақ, шона, ндебеле, испан, итальян, француз, урду және ағылшын тілдерінде қызмет көрсетеміз немесе аудармашы қызметінің ұсынылуы қамтамасыз етіледі.

Келесі мекенжай бойынша электрондық хат жіберуге болады: support@workersupportcentre.org.uk



Маусымдық жұмысшы визасы бойынша маусымдық ауылшаруашылық жұмысшыларына тегін әрі құпия кеңес береміз. Шотландия фермасында қиыншылықтарға тап болсаңыз, біз сізді тыңдап шығып, мүмкіндіктеріңіз туралы ақпарат бере аламыз, сол кезде кейінгі әрекетіңіз бойынша негізді шешім қабылдай аласыз. Біз сонымен қатар мәселелеріңізді мемлекеттік құқық қорғау органдарына беруге көмектесе аламыз.



БАЙЛАНЫС МӘЛІМЕТТЕРІ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ

Шотландияның ауыл шаруашылық жұмыстарында жалақы төлеу бойынша құқық қорғау командасы

Шотландиядағы ауыл шаруашылығы жұмыстарын істейтін
жұмысшыларға арналған ережелер мен шарттар
(тек ағылшын тілі)

☎ Телефон: **07500994734 / 07919335259** Жұмыс уақыты:
дүйсенбі – жұма: 09.00 – 17:00

✉ Электрондық пошта: **AWET@gov.scot**

Еңбекті қорғау басқармасы (HSE)

Жарақат алғаны туралы хабарлауға арналған Оқиғалар
бойынша байланыс орталығы
(тек ағылшын тілі)

☎ Телефон: **0300 003 1647** дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі және
жұма 08:30 - 17:00, сәрсенбі 10:00 - 17:00

🌐 Веб-сайт: **www.hse.gov.uk/contact/tell-us-about-a-health-
and-safety-issue.htm**

Теңдік жөніндегі кеңес беру және қолдау көрсету қызметі

Кемсітушілікке байланысты қолдау көрсету орталығы
(тек ағылшын тілі)

☎ Телефон: **0808 800 0082** Жұмыс уақыты: дүйсенбі – жұма:
09:00 – 19:00, сенбі: 10:00 – 14:00

🌐 Байланысу түрі: **www.equalityadvisoryservice.com/app/ask**

🌐 Веб-сайт: **www.equalityadvisoryservice.com/**

**Жұмыскерлердің құқықтарын қорғауға және
олардың сақталуын бақылауға жауапты орган**
Жұмыскерлердің құқықтарын қорғауға жауапты орган
(аудармашы қолжетімді)

☎ Телефон: **0345 161 6000**

✉ Электрондық пошта: **contact@fairworkagency.gov.uk**


🌐 Веб-сайт: **www.gov.uk/government/organisations/fair-
work-agency**

БАЙЛАНЫС МӘЛІМЕТТЕРІ

БАСҚАЛАРЫ

Данди Unite the Union кәсіподағы


Кәсіподақ мүшелігі
(тек ағылшын тілі)

 Телефон: **01382 227 369**

 Веб-сайт: **www.unitetheunion.org**


Баламалы кәсіподақ туралы мәліметтер:
www.gov.uk/join-trade-union


Дүниежүзілік өнеркәсіп жұмысшылары (IWW)

 Электрондық пошта: **scotland@iwww.org.uk**

 Веб-сайт: **www.iww.org.uk**

Қазіргі заман құлдығы бойынша жедел желі Адам
саудасы және еңбекті қанау
(аудармашы қолжетімді)

 Телефон: **0800 0 121 700**
күніне 24 сағат, аптасына 7 күн)

 Веб-сайт: **www.modernslaveryhelpline.org**

Жұмысшыларға қолдау көрсету орталығы
support@workersupportcentre.org.uk
0800 058 1633